
In the future, the level of protection of the right to a favorable environment may become a key criterion that reflects the level of development of the Kazakh legal system and its effectiveness. Therefore, one of the priorities of public authorities should be to eliminate the shortcomings of existing legislation and to determine the procedure for exercising the right to a favorable environment and to improve the system of protective guarantees.

The above information clearly demonstrates the relevance of the study of the ways and means of protection of the right to a favorable environment, which belongs to everyone.

Human life and health are the highest values of any civilized society. One of the main prerequisites for providing these benefits is the creation of a natural environment conducive to human life and health. We must not forget that the ecological crisis affects not only environmental rights, but all fundamental human rights.

The current poor environmental situation makes the issue of ensuring human environmental rights one of the most pressing issues. Ensuring human rights, including environmental rights, is a key task of any state.

Combating the environmental crisis and protecting human life and health from its harmful effects is one of the most important issues, especially for our country. Due to the natural features of the environment (biosphere) (most of its territory is arid and about 66% of its territory is prone to various levels of desertification) and the use of raw materials for many decades, the ecological situation in Kazakhstan is one of the weakest states. [3].

Aral and Semipalatinsk regions have been declared ecological disaster zones. In addition, there are four military test sites and the Baikonur space complex in Kazakhstan. Their activities have a negative impact on the health of the population and the environment. On the island of Vozrozhdenie in the Aral Sea, there is a risk of the spread of bacteriological infectious diseases from the activities of the former biological landfill.

List of used literature

1. Nazarbayev, N.A. Kazakhstan - 2030 / NA Nazarbayev. - Almaty: LAWYER, 2003. - 132 p.
2. On the concept of a healthy lifestyle and proper nutrition: approved by the Government of the Republic of Kazakhstan on 07.06.99 №710 // Collection of acts of the President and the Government of the Republic of Kazakhstan. - 1999. - № 26. - pp. 27-42.
3. 3 The Constitution of the Republic of Kazakhstan. - Almaty: LAWYER, 2019. – 40 p.

АБАЙСЫЗДА АДАМ ӨЛІМІНЕ ӘКЕЛІП СОҚТЫРҒАНЫ ҮШІН ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

*Сакиева Т. Ф., Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекші – з. ғ. к. Озбеков Д. О.*

Абайсызда адам өліміне әкеліп соқтырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік институты барлық шет мемлекеттердің заңнамасында көрініс тапты. Алайда, осы

институттың заңды сипаттамасының көлемі мен сипаты нақты айқындалған ерекшеліктерге ие.

Абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру қылмысы үшін жауапкершілік барлық ТМД елдерінің Қылмыстық кодексінде қарастырылған. Ең алдымен, бұл мәселеде ҚР ҚК 104-бабына үлкен ұқсастық назар аудартады. Криминализация көлемі де, олардың басқа қылмыстық-құқықтық нормалар жүйесіндегі орны да сәйкес келеді. Адамның абайсызда өліміне әкеліп соқтыратын әрекеттерді криминализациялаудың халықаралық деңгейдегі негізі – 1996 жылы 17 ақпанда қабылданған заңнамалық акт – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына арналған Модельдік Қылмыстық кодекс болып табылады. Сол себепті, бұл қылмыстың сипаттамасы ТМД мемлекеттерінің Қылмыстық кодекстерінде үлкен ұқсастыққа ие. Негізгі қылмыстық-құқықтық норма – абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыруға тыйым салу осы Кодекстің 116-бабында бекітілген. Ол екі бөліктен тұрады:

«1. Абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру – ауырлығы орташа қылмыс;

2. Абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеліп соқтыру - ауырлығы орташа қылмыс» [1].

ҚР ҚК 104-бабының нормасы дәл осы Модельдік кодекстің нормасымен сәйкес келетінін байқауға болады.

Енді, әр мемлекеттің қылмыстық заңнамалары бойынша жауапкершілігіне тоқталатын болсақ, Ресей Федерациясының ҚК 109-бабы үш бөліктен тұрады [2]: біріншісінде - абайсызда өліміне әкеліп соқтырғаны үшін, екіншісінде - адамның кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан абайсызда адам өліміне әкеліп соқтырғаны үшін, ал үшіншісінде - екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалған дәл сол әрекет үшін жауапкершілік қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілік қарапайым қылмыс құрамы үшін 2 жыл түзеу жұмыстарын немесе сол мерзімге бас бостандығынан шектеуді, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. Сараланған қылмыс құрамдары үшін ол мерзім 3 жылға және 4 жылға дейін көзделген.

Беларусь Республикасының ҚК сәйкес, абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру туралы жалпы ереже (144-бап) ТМД Модельдік Қылмыстық кодексінің 116-бабына ұқсас. Дегенмен, Беларусь Республикасының ҚК-нің 144-бабында көзделген қылмыс субъектісі бойынша айтарлықтай айырмашылықты атап өтпей кетуге болмайды. ТМД елдерінің Модельдік және басым көпшілігінің Қылмыстық кодексіне сәйкес, абайсызда адам өліміне әкеліп соқтырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан бастап туындаса, Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінде - он төрт жастан бастап туындайды. (27-бап) [3].

Талданған қылмысты заңнамалық сипаттауға сәл өзгеше көзқарас ТМД-ның басқа елдерінің Қылмыстық кодексінде байқалады.

Украина Қылмыстық кодексінің 119-бабында былай делінген:

«1. Абайсызда адам өлтіру - үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеліп соқтыру - бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [4].

Украиндық заң шығарушы «абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру» қылмысын «абайсызда адам өлтіру» деп түсінетінін айқын көрсетеді. Украина Қылмыстық кодексінің 119-бабында «адамның өзінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауының» белгісі өзінің көрінісін таппады. Егер жәбірленушінің өлімі қандай да бір кәсіби немесе

қызметтік міндеттерін тиісінше орындамауының нәтижесінде орын алса, онда мұндай іс-әрекет ҚК-нің арнайы бабы бойынша сараланады.

Украина ҚК бойынша екі немесе одан да көп адамды абайсызда өлтіру ауыр қылмыс санатына жатқызылғанына (8 жылға дейін бас бостандығынан айыру) ерекше назар аудару қажет. Украина ҚК бұл қылмысты «абайсызда адам өлтіру» дей келе және жаза мөлшерін 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру деп тағайындау арқылы мұндай қылмыстардың қауіптілігін көрсеткісі келгендей.

Тәжікстан Республикасының (108-бап) [5] және Қырғыз Республикасының (135-бап) [6] Қылмыстық кодекстеріндегі бұл норманың құрылымы біршама қызығушылық тудырады. Аталған баптардың мазмұны бірдей және екі бөліктен тұрады:

1) абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2) адамның өз кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан абайсызда өлім келтіру, сол сияқты абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеліп соқтыру - бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жоғарыдағыны негізге ала отырып, аталған мемлекеттердің заң шығарушылары қауіптілік дәрежесі бойынша әртүрлі екі қылмыс құрамын бір бөлікке біріктіргенін көруге болады: 1) екі және одан да көп адамның өліміне әкеп соқтыру; 2) бір адамға қатысты, бірақ адамның өзінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан осындай салдардың туындауы. Екі жағдайдың әрқайсысы үшін жаза бірдей: 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Тіпті егер оның өлімі кінәлінің кез-келген кәсіби міндеттерін атқармауының салдарынан болса да, бұл ұстаным толығымен негізделмеген, өйткені барлық басқа жағдайларда бірнеше адамның өлімі бір адамның өліміне теңестірілмейді.

Енді, Батыс мемлекеттерінің заңнамаларын қарастыратын болсақ: Австрия абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру туралы екі жалпы ережені бекітеді [7; 25 бет]. Австрия ҚК §80 «Абайсызда адам өлтіру»-ге сәйкес: «Абайсызда басқа адамға өлім келтірген кез-келген адам бір жылға дейін бас бостандығынан айырылуы керек». Аталған Кодекстің «Аса қауіпті жағдайларда абайсызда кісі өлтіру» деп аталатын §81 сәйкес [7; 26 бет], «Абайсызда басқа адамға өлім әкелетін кез келген адам:

1) аса қауіпті жағдайларда;

2) абайсызда болса да, әрекет жасамас бұрын, алкогольді немесе басқа да уытқұмарлық заттарды қолдану арқылы өзін есі дұрыстығын жоққа шығармайтын мас күйге жеткізсе және ол оның осы жағдайда қызметінің жүзеге асырылуы басқа адамның өміріне, денсаулығына немесе дене тұтастығына қауіп төндіретін немесе осындай қауіпті арттыруы мүмкін екенін алдын ала болжап білсе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Жоғарыда келтірілген жалпы баптардан басқа, Австрияның Қылмыстық кодексінде басқа адамның өлімі түріндегі салдарды қарастыратын 30 арнайы бап бар. Алайда, арнайы баптарда «абайсызда» субъективті белгісі тікелей айтылмайды, тек болжанады.

Германия Федеративтік Республикасының Қылмыстық кодексі [8] §222 қарастырылған: «абайсызда адам өлімінің басталуына себеп болған адам бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе оған ақшалай айыппұл салынады». Сонымен қатар, ГФР ҚК-де «абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру» белгісі тағы 17 арнайы жағдайда бекітілген.

Англия мен Францияның қылмыстық заңнамалары абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыруды өзгеше түсіндіреді. Ағылшын қылмыстық құқығы абайсызда адам өлтіру деп өлтіру немесе ауыр дене жарақатын келтіру ниетімен байланысты емес психикалық жағдайында болған субъектінің басқа адамның өмірін заңсыз айыру деп түсіндіреді. [9]

Ал, Франция ҚК-нің 221-6-бабының 1-бөлігінде былай делінген: «Заң немесе ережелер бойынша қауіпсіздік немесе сақтық міндеттерін орындамау, немқұрайлылық, менмендік нәтижесінде басқа адамға өлім келтіру қасақана емес адам өлтіруді құрайды (un homicide involontaire), ол үш жылға бас бостандығынан айырылу және 300 000 франк айыппұл салынуға жазаланады» [10; 83 бет].

Жоғарыдағы аталған мемлекеттердің Қылмыстық кодекстеріндегі абайсызда адам өліміне әкеліп соқтыру қылмысының сипаты мен жазасының әр түрлі екендігі сөзсіз. Шынында да, абайсызда адамның өлімі көптеген қылмыстық және қылмыстық емес әрекеттердің (әрекетсіздіктің) салдарынан болуы мүмкін екендігі даусыз. Осы сәтте, кейбір мемлекеттердің (Украина, Австрия,) бұл қылмысты адам өлтірудің бір түрі деп санауын ескеру жөн. Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін одан әрі жетілдіру тұрғысынан алғанда, бас бостандығынан айыру жазасымен бірге айыппұл жазасын қосу керек деген Франция Республикасы мен Германия Федеративті Республикасының заң шығарушыларының көзқарасы өте перспективалы және назар аударуды қажет етеді деп қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Модельдік Қылмыстық кодекс (1996 жылы 17 ақпанда қабылданған) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына ұсынылатын заңнамалық акт (2006 жылғы 16 қарашадағы өзгертулерімен бірге) <https://docs.cntd.ru/document/901781490>
2. «Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі» 13.06.1996 жылғы N 63-ФЗ
3. Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексі 1999 жылғы 9 шілде №275-3
4. Украинаның Қылмыстық кодексі 2001 жылғы 5 сәуірдегі № 2341-III
5. Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексі 21 мамыр 1998 ж. N 574.
6. Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі 2017 жылғы 2 ақпан N19
7. Австрия Қылмыстық кодексі 23.01.1974 ж https://www.legislationline.org/download/id/8548/file/Austria_CC_1974_am122019_de.pdf
8. Германия Федеративті Республикасының Қылмыстық кодексі 13.11.1998 ж.
9. Уголовное право зарубежных государств. Особенная часть: Учебное пособие / Под ред. И.Д. Козочкина. М., 2004. С. 528.
10. Франция Республикасының Қылмыстық кодексі. 22.07.1992 https://www.legislationline.org/download/id/8546/file/France_CC_am012020_fr.pdf